

**ҰЛТТЫҚ ТАНЫМДАҒЫ
«ЖАН» СУБСТАНЦИЯСЫ**

Нұрдаулетова Б.И.

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар
және инжиниринг университеті
Ақтау қ., Қазақстан
e-mail: nurdauletova@mail.ru

Аңдатпа. Осы мақаланың мақсаты – қазақ халқының когнитивті құрылымындағы «жан» ұғымына талдау жасау, «жан» ұғымын тұтас субстанция ретінде қарастыру. Когнитивті лингвистикада ұлттың, халықтың танымында құндылық ретінде танылған сөздер концепт бола алады. Жан сөзі де – адамзат танымында концептілік деңгейдегі ұғым.

Жан қандай халықта да, қандай мәдениет түрінде де өте күрделі құбылыс. Көне дәуір философиясында жан – от, ауа, су негізді, кейде от, ауа, су, топырақтың қосындысы түрінде сипатталады. Жанның орны да түрліше болып келеді: адамның кеудесінде, өкпесінде, құрсағында, көзінде т.б. жерінде орналасады. Жанның сипатына сәйкес әр халықта мифологиялық түсінік қалыптасқан, ол фольклорда, мақал-мәтелдерде, фразеологизмдерде сақталған. Жан ұғымы «өлім» концептісін толықтыратын микроконцепті де бола алады. Жан ұғымын философия, теология, психология, этнография, когнитивті лингвистика түрлі қырынан алып зерттейді. Жан кейде жеке адамның орнына да жүре алады, себебі «адам, кісі» сөзінің орнына «жан» сөзін қолданамыз.

Мақалада жан туралы бірнеше халықтың танымындағы ұғым-түсінік салыстырылды. Жанның болмысы тіліміздегі сөздер мен салт-дәстүр, ырым-нанымдағы атаулардың семантикасы арқылы түсіндірілді. Нәтижесінде жан ұғымының когнитивті модель құрайтыны анықталды.

Түйінді сөздер: Жан, миф, субстанция, рух, өлім, мифологема, когнитивті модель.

Кіріспе. Жанға байланысты мифтік ұғым-түсінік, діни-философиялық таным барлық халықтарға тән деуге болады. Жан –христиан дініндегі халықтардың түсінігінде душа—дух (жан, рух) ұғымдардарымен байланысты сипатталып, «өлген адамның жаны өлілер рухына айналады» деген түсінікке бағышталады.

Ю.В.Ионова «Представление корейцев о душе» деген еңбегінде: «Представление о душе у корейцев связаны со сложной проблемой жизни и смерти, бытия и небытия... Для них душа, дух скорее были оживотворенными свойствами человека. Отражение древних представлений мы находим в корейском языке где слово «сум» означает дух и дыхание, а «маым»—способность человека чувствовать, мыслить, быть в том или ином настроении. Смерть наступает, когда сум покидает человеческое тело» (1.175).

Л.П.Потаповтың зерттеуі бойынша, алтайлық шамандарда жан егіз (двойник) ұғымымен барабар. (2.28). Адамның жарық дүниеге келіп алғашқы алған демімен («тын») оның жерлік өмірі басталады. Осы сәттен өмірінің ақырына дейін, яғни тыны үзілгенше онымен бірге егізі (двойник) өмір сүреді. Тыны үзілу—демі үзілу, өлу. Тіліміздегі тыным алды, тынысы үзілді қолданыстарына семантикалық өзек болып тұрған осы тын мифоархетипі. Адам өлгеннен соң оның егізі жер астындағы өлілер еліне аттанады. Жанға балама бола алатын мифтік ұғымдарға «тыннан» өзге құт, үле, сүне,сүр атаулары да жатады. Қазақ тілінде құты қашу, құтынан айрылу, құтсыз қолданыстары «жаманшылық» ұғымын береді.

Көптеген түркі халықтарында адамның жеті жаны бар, кейде әрбір он екі мүшенің дербес жаны бар деген ұғым болған.

Корейлердің ежелгі танымы бойынша адамда үш жан бар-мыс. Адам өлгеннен кейін жанның біреуі—аспанға, екіншісі молаға (жер астына), үшіншісі ата-бабалар есімі жазылған «туыстық тақтасына» көшеді. Аспанға кеткен жан көк әміршісінің сынынан өтуіне қарай не пейіште қалдырылады, не жерге, иесіне қайтып келеді. Сондықтан корейлер өлген адамды жерлеуге асықпаған, жаны қайтадан еніп тіріледі деп, үш, бес, жеті күн күткен.

Екінші жан жер астындағы тозақ әміршісінің сотына түседі.

Үшінші жан ата-бабалар тізіміне сіңіп, жер бетіндегі адамдардан үнемі құрбандық, сый-сияпат күтеді.

Мәселенің қойылуы. Көпжандылық туралы мифологиялық идеяның кейбір қалдықтары қазақ тіліндегі қыздың қырық жаны бар, әйел қырық шырақты (шырақ—нұр—жан) қолданыстарында, қырық жаны бар дәулер туралы аңыз, ертегілерде сақталған.

Жан – көзге көрінбейтін, қолға ұсталынбайтын дерексіз ұғым. Соған қарамастан адам баласының танымы арқылы қалыптасқан ғалам бейнесінде жанның өзіндік орны бар.

Алдымен жан белгілі бір мекенге ие. В.Маслова түрлі халықта жанның мекені түрліше сипатталатынын айтады: кеуде, жүрек, бүйрек, көз, кейде өкше де жанға мекен болады. Жанның түрліше болмысы халықтық фольклор, миф мазмұндарында сақталған. Қазақ халқы жанды тәнмен, кеудемен байланыстырады. Жанның кеудеден шығуын жүрегі тоқтады тіркесі арқылы берілуінен жанның жүрекке де қатыстылығын аңғарамыз. Жан – өкпе мифологемасы қазақ ертегілеріндегі жын-шайтан, албасты, перілердің өшіккен адамының (көбінесе жас босанған әйел) өкпесін суырып алып, суға тастауы туралы сюжеттерден танылады. Ал ерекше адамдардың (батыр, ерекше күш иесі т.б.) жаны тәнінен бөлек те сақталатын (киіктің ішінде, балапандарда) мифтік сюжеттер бар.

Ағылшын этнографы Дж.Фрейзер бұндай сенімнің көптеген халықтарда кең таралғандығын айта келіп, оны «сыртқы жан» идеясымен түсіндіреді. Этнографтың пікірінше бір кездегі белгілі бір жануар түрінде сақталған жан туралы сенімнен тотемизм туып қалыптасқан. (4.414)

Жаңалығы. Кез келген тілдік таңба тілдік қатынаста, тілде белгілі бір концептінің белгісі болады, бірақ сол концептіні толық бере алмайды. Сөз өзінің мағынасы арқылы айтушы жеткізуге тиіс хабарға қажетті релеванттар мен концептуалдық белгілерді бере алады. Тұтастай концепт өзінің бай мазмұнымен тек тілдік құралдардың үйлесімділігі, бірлігі жағдайында, концептінің барлық атауыштық ауқымы іске қосылған жағдайда ғана көріне алады. Сөз – концептуалды білімге қол жеткізудің құралы, осы құрал арқылы сөз жүзінде айтылмаған, аталмаған басқа да концептуалды белгілер мен ойлау қызметіне жол ашылады. Тілдік аталымдар арқылы адам ойлау қызметінің бірлігі ретіндегі концептіні қолдана алады, Концепт пен сөз мағынасының арақатынасын айқындау семантикалық талдау мен концептуалдық талдаудың ерекшеліктері арқылы да көрінеді. Себебі жеке сөздің семантикасын түсіндіру концептуалдық талдаумен іргелес, бірақ екі талдаудың нәтижелері екі түрлі: «егер біріншісі сөздің семантикалық құрылымын жасауға, сөздің денотативтік, сигнификативтік, коннотативтік мағыналарын нақтылауға арналса, концептуалдық талдау белгілі бір тілдік таңбада жинақталған жалпылама концептілерді көрсетеді, таңбаның табиғатын белгілі когнитивтік құрылымда айқындайды. Семантикалық талдау сөзді түсіндіріп, анықтауға қызмет етсе, концептуалдық талдау дүниені тануға бағытталады [5].

Зерттеу әдісі. Қазақ халқының когнитивті танымындағы «жан» ұғымына талдау жасау үшін категориалды және дискреттік, компонентті талдау әдістері қолданылды. Контекстуалды және тарихи-салыстырмалы әдісті қолдана отырып, тілдік деректердің семантикалық өрісі айқындалды.

Зерттеу нәтижесі. Біздің негізгі зерттеу объектіміз—жыраулар поэтикасындағы «жаның қонақ кеудеңе», «кеудеңдегі шыбын жан», «жан кеткен соң кеудеңнен» дискурсивті қолданыстардан жыраулық танымда жанның бірден- бір мекені – кеуде (кейде тән деп те айтылады) екенін танимыз. Бірақ тән (кеуде) жанға мәңгілік мекен бола алмайды.

Себебі тән – уақытша өзгермелі болмыс. Оның тіршілігі жанмен бірге болғанда ғана. Жаннан айрылған күні тән өледі, шіриді. Бірақ жоғалмайды, өзге формаға өтеді. Сондықтан жырауларда:

Сүйекте өлсең, тұрмас ет пенен май,
Шіриді тәнің, қаның, ал жан қайда? —деп философиялық сауал қойылады. Оның астарында адами болмыс, оның құрамдас бөлігі, тән мәңгілік пе, жан мәңгілік пе, —деген пікірталасқа меңзейтін діни философиялық тұжырым жатыр. Ол дүниенің материалдық не идеялық негізі туралы идеяға бағытталады.

Жанның тәнге мәңгілік серік бола алмайтындығы:

Жаның қонақ денеңе

Құрметтеп қалай бағасың,—деген жолдардағы «қонақ»

сөзінің денотативті мағынасы арқылы айқындалады. Осындағы «өзгермелілік, тұрақсыздық» коннотациясынан жалпы дүниенің баянсыздығы, опасыздығы, өтпелілігі туралы философиялық түйін таратылады:

Баянсыз фәни шыбын жан

Айрылған күні теңдегі,

Қалынған күні тар жерде ,

Қайратың болмас кеңдегі.

«Жанның теңінен айырылуы» (жанның теңі— тән, яғни тәннен айырылуы), «тар жерде қалу» (тар жер—көр, яғни көрде қалу, өлу), «кеңдегі қайраты болмау» (кең—кең дүние, яғни осы, фәни дүние) тіркестерінде жан сөзі түрліше қырынан метафораланып, әрі аталған құрылымдар «өлім» концептісінің өзара желілес фреймдерін түзеді.

Тілдік прагматикада жан адаммен бара-бар. Адамға тән сезімдік күйлер жанға да тән: жан күйінеді, жылайды, қайғырады, жабырқайды, қуанады, жадырайды, семіреді, жайланады, ашиды т.с.с. (Тіліміздегі – жаны жылады, жаны жабырқау тартты, жаны күйді, жаны қалмады (қуану), жаны жай тапты, жаны жадырап қоя берді, жан семіртер т.б. тіркестері жанның осындай метафоралық-мифтік болмысын бейнелейді). Ал жыраулар қолданысында:

Кеудедегі шыбын жан

Шырқыраумен ол шығар...

Бір шыбындай жан қорқар

Ажалдың көріп айбатын (Ізбас)

Ажал — «өлім» концептісіндегі атрибут ұғым. Жанның кеудеден кетуі мифопоэтикалық кеңістікте «ажалдан қорқу, үрейлену», «еріксіз қиналып, шырқырап шығу» әрекеттерімен сипатталады. Тіліміздегі жанталасты, жанын қарманды, жаны шырқырады тіркестері жанның осындай тылсым табиғатын концептуалдық бейнелеуден туса керек.

Жанға адами сапа тән: жаны сұлу, таза, жайсаң т.б. Жанның тазалығы метафоризмі діни- философиялық аспектіде айқындалады.

Жанныңның тазалығы—дінің үшін...

Жаныңда өлген күні қалмас кірі...

Қылығы бұл дүниеде жаққандардың

Жаны да о дүниеде иманға бай (Абыл).

Жанның сыртқы болмысы өте жеңіл, ұшатын зат ретінде суреттеліп, көбінесе: Көбелек, шыбын тәрізді жәндіктерге баламаланып беріледі:

Кеудеден көбелек жан кеткен күні (Сүгір)

Айрылсаң шыбын-шыраңнан (Ұзақбай)

Кеудедегі шыбын жан... (Ізбас)

Шыбының тастап сені кеткен шақта,

Қалмайды ара тұрып жинаған мал...(Абыл)

Жан сөзі «адам», «кісі» ұғымдарының орнына жүре береді:

Үйде оншақты жанбыз, жан басына шаққанда, мал-жан аман ба? Жыраулар поэतिकонындағы жан:

Жүрегі адал жанға ар алдында

Болады махшар күні Алласы жақ. (Абыл)

Бұл дүниеге келген жан

Бір құдайдың мүлкі-ді. (Нұрым)

Кейде жанның өзі «толық(кәміл) адам» субстанциясын түгел бере алмайды. Оған тіліміздегі құр жан, әйтеуір бір жан, тек шықпаған жан тіркестері мысал бола алады.

Жан сөзі жырауларда кейде жаһан түрінде қолданылады:

Тіршілікте жаһан жоқ,

Бұл пәниде қалынған.

Жанды азалап қайғырудан жаназа сөзі қалыптасқан.

Қорытынды. Қорыта айтқанда, жан субстанциясы жыраулар дүниетанымында белгілі бір концептуалдық моделге ие. Жанға қатысты мифологиялық, символдық, метафоралық тілдік құрылымдар жан сөзінің адамзатқа ортақ ежелгі, алғашқы балаң (санадан тыс) түсініктерге негіз болып тұрған архетиптік сипатын танытады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ионова Ю.В. Представление корейцев о душе // Мифология и верования народов восточной и южной Азии. Москва: Наука, 1973 -617
2. Потапов Л.Г. Алтайский шаманизм. Ленинград: Наука, 1991 -317
3. Маслова В. Когнитивная лингвистика. Москва: Наука, 2001 -472
4. Дж.Фрейзер. Мифы народов мира. I том. Москва, 1998 -671
5. Нұрдәулетова Б.И. Когнитивті лингвистика. Алматы: Дәуір, 2011. -344 б.

СУБСТАНЦИЯ "ДУША" В НАЦИОНАЛЬНОЙ ИДЕНТИЧНОСТИ

Нурдаулетова Б.И. - Каспийский университет технологий и инжиниринга им Ш.Есенова, г. Актау, Республика Казахстан, e-mail: nurdauletova@mail.ru.

Аннотация. Цель данной статьи - проанализировать понятие «душа» в когнитивной структуре казахского народа, рассмотреть понятие «душа» в целом. В когнитивной лингвистике слова, которые признаны ценностями в знаниях нации, могут быть понятием людей. Слово душа также является концептуальным понятием в человеческом познании.

Душа - очень сложное явление для любого народа и любой культуры. В античной философии душа описывается как огонь, воздух, на водной основе, иногда в виде сочетания огня, воздуха, воды, почвы. Положение души тоже разное: в груди, легких, животе, глазах и т. Д. расположен на земле. По характеру души у каждого народа есть мифологическое понятие, которое сохранилось в фольклоре, пословицах и идиомах.

Понятие души также может быть микроконцептом, дополняющим понятие «смерть». Он изучает понятие души с разных сторон: в философии, теологии, психологии, этнографии, когнитивной лингвистике. Иногда душа может занять место человека, потому что мы используем слово «душа» вместо слова «человек, личность».

В статье сравниваются представления о душе в знаниях нескольких народов. Сущность души объясняется семантикой слов и обычаев нашего языка, названиями ритуалов. В результате выяснилось, что понятие души - это когнитивная модель.

Ключевые слова: душа, миф, субстанция, дух, смерть, мифологема, когнитивная модель.

SUBSTANCE "SOUL" IN NATIONAL IDENTITY

Nurdauletova B.I. - Sh.Yessenov Caspian University of Technologies and Engineering, Aktau, Kazakhstan, e-mail: nurdauletova@mail.ru.

Abstract. The purpose of this article is to analyze the concept of "soul" in the cognitive structure of the Kazakh people, to consider the concept of "soul" as a whole. In cognitive

linguistics, words that are recognized as values in the knowledge of a nation can be the concept of people. The word soul is also a conceptual concept in human cognition.

The soul is a very complex phenomenon for any nation and any culture. In ancient philosophy, the soul is described as fire, air, water-based, sometimes in the form of a combination of fire, air, water, soil. The position of the soul is also different: in the chest, lungs, stomach, eyes, etc., is located on the ground. By the nature of the soul, each nation has a mythological concept that has been preserved in folklore, proverbs and idioms.

The concept of the soul can also be a micro-concept that complements the concept of "death". He studies the concept of the soul from different angles: philosophy, theology, psychology, ethnography, cognitive linguistics. Sometimes the soul can take the place of a person, because we use the word "soul" instead of the word "human, person".

The article compares the concept of the soul in the knowledge of several nations. The essence of the soul is explained by the semantics of words and customs of our language, the names of rituals. As a result, it turned out that the concept of the soul is a cognitive model.

Keywords: Soul, myth, substance, spirit, death, mythologeme, cognitive model.

